

## **Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 желтоқсан N 1563

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 U952697\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат) сәйкес "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясын қаржылық-экономикалық сауықтыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі N 533 P960533\_ қаулысының 11-тармағын орындау үшін, әуе кеңістігін пайдаланудың тиімділігін арттыру және республика азаматтық авиациясының дамуына жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Әуе көлігі департаменті негізінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанынан Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет (бұдан әрі - Комитет) құрылсын, ол Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің құзыреті шегінде әуе кеңістігін пайдалану, азаматтық авиация қызметі мен әуе қозғалысының ұйымдастырылуы саласында мемлекеттік басқару мен бақылауды, сондай-ақ сол салалардағы арнаулы атқарушылық, рұқсат ету, бақылау, үйлестіру мен қадағалау функцияларының орындалуын жүзеге асырады.

2

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1998.02.26. N 151 қаулысымен. P 9 8 0 1 5 1 \_

3. Жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру мақсатында Комитетке ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мәртебесімен:

Азаматтық және эксперименттік авиацияда әуе кемелерінің қауіпсіз

ұшуын қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациялық инспекциясы (Мемавиақадағалау);

оған азаматтық және эксперименттік авиация қызметін сертификаттау және лицензиялау жөніндегі функциялар жүктеле отырып, әуежайларының (аэродромдардың), әуе жолдары мен әуе кемелерінің мемлекеттік

тізілімдерін жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиация регистрі (Мемавиарегистр) құрылсын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.01.21. N 31 қаулысымен.

P980031\_

4.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1998.02.26. N 151 қаулысымен.

P980151\_

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі:

Комитет аппаратының құрылымын белгіленген адам саны мен аппаратты ұстауға арналған қаражат шегінде бекітсін;  
үш ай мерзім ішінде Мемавиақадағалау туралы және Мемавиарегистр

туралы ережелердің жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

6. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Әуе көлігі департаменті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 29 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ